| 4 | **Құндылық:** заң және тәртіп **Құзыреттілік:** азаматтық борыш және парасаттылық | жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы, үлкендерді құрметтей білу; үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. | **«Білгенге маржан..»** (өмір қауіпсіздігі негіздері туралы) | Ата-аналармен пікір алмасу, кеңес беру. | Әдіскер Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Менің туыстарым»** | Топтық жұмыс | Топ тәрбиешілері | |
| 5 | **Құндылық:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік | үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; | **«Қыс қызығы»** | Ойын алаңы | Әдіскер Топ | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Құзыреттілік:** инновациялық ойлау | үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау | | | тәрбиешілері | |
| | | | **«Табиғат әлемі» жобасы** Экологиялық тәрбие, зерттеу жұмысы | ҮІӘ барысы | Топ тәрбиешілері | |
| 6 | **Құндылық:** жасампаздық және жаңашылдық **Құзыреттілік:** шығармашылық | шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнер табысқа қызығушылық таныту;сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан білімдер мен дағдыларды қолдана білу. | **Ұлттық құндылық.** Қолөнер бұйымдары жасау, ұлттық үлгіде жасалған суреттер | Көрме ұйымдастыру | Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі | |
| | | | **"Өнер және мәдениет"** Әр түрлі өнер түрлері туралы танысу. Балаларға өз өнерлерін көрсету үшін шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру (мысалы, шағын қойылымдар, немесе көрмелер) | Музыкалық зал | Музыка жетекшісі Топ тәрбиешілері | |

**«Менің туыстарым»**
**Мақсаты:** «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік туралы түсінік беріледі.
Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын ,өзара сыйласады.
**Өзіммен –өзім**
Көзімізді жұмып, отбасы туралы жақсы нәрселер ойлаймыз.
Мыс: Үйдің іші қуанышқа толы, құмыралар гүлге толы т.б
**Әңгімелесу.**
-Туыс деп кімді айтамыз?
Түсінік беру
Балалардың жауабы.
**Әңгімелеу.**
Е.Өтетілеуов «Бес саусақ»
Түсіндірме жұмыс.
**Дид ойын : «Сиқырлы дүкен»**
Дүкендегі заттар: Жүрекше, жұлдызша, машина т.б заттар.
Күтілетін жауаптар: Мен сіңліме жүрекше сатып алдым, оның мейірімді болғанын қалаймын
**Ғажайып сөздер**
Туыстарды сыйлаймыз
Туыспенен татумыз
**Қортынды.**
Жүректен жүрекке

**№2 "Менің есімім "**
**Мақсаты:** Әрбір баланың қайталанбас жеке тұлға екендігін түсінеді.
Адамның есімі,оның адамға деген қызығушылығын арттырады
**Ой қозғау.**
-Есімдердің айырмашылығы неде?
-Ұлдар мен қыздардың есімі бірдей болама?
**Әйбат есімдер К. Ыбраев.**
Бақыт, Бейбіт,Тыныштбек, Гүлнұр, Аққу, Ырысбек, Қайрат Мира, Еламан, Сәуле, Шуақ, Құрышбек
**Көңілге түй сен мұны,**
**Әр бүлдіршін-ел гүлі**
**Бақытты елде туғанын**
**Есімінен белгілі.**
Түсіндіру.

**Ақпан айында жүргізілетін тәрбие жұмысы жоспары.**

| **Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы; | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **№** | **Тараулар** | **Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі** | **Жұмыс түрі** | **Өткізу формасы** | **Жауапты** | **Күні** |
| 1 | **Құндылық:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**Құзыреттілік:** ұлттық мүддені дамыту | Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;<br>мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;<br>ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері; туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша білікері мен дағдылары бар. | **«Көненің көзі».**<br>(тарихи жәдігерлер туралы) | Өлкетану мұражайына саяхат | Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** | Жылжымалы папка | Топ тәрбиешілері | |
| 2 | **Құндылық:** бірлік және ынтымақ<br>**Құзыреттілік:** тиімді коммуникация | отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;<br>басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту; ойы мен сезімдерін білдіре алу; | **«Отбасы – бақыт мекені»** | Ата-аналармен дөңгелек үстел | Топ тәрбиешілері | |
| | | | Достасқа біреік | Күннің екінші жартысында | Топ тәрбиешілері<br>Психолог | |
| 3 | **Құндылық:** әділдік және жауапкершілік<br>**Құзыреттілік:** қоғамға қызмет | жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру, уәделерді орындай білу | **«Күн тәртібін сақтайық»** | Ата-аналарға кеңес беру | Топ тәрбиешілері<br>Музыка жетекшісі | |
| | | | **Әдептілік - әдемілік.**<br>Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу | Сахналық қойылым | Музыка жетекшісі<br>Топ тәрбиешілері | |
| 4 | **Құндылық:** заң және тәртіп<br>**Құзыреттілік:** азаматтық борыш және парасаттылық | жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы,<br>үлкендерді құрметтей білу;<br>үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. | **Ас – адамның арқауы .** | Ата-аналар жиналысы | Мейірбике<br>Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Танымал мамандықтар»**<br>(мамандардың қоғамдағы қажеттілігі туралы түсіндіру) | Топ ішілік іс-шара | Топ тәрбиешілері | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | **Құндылық:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік **Құзыреттілік:** инновациялық ойлау | үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу, жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау. | **«Мен қамқор баламын»** Қамқорлық ұғымын түсіндіру | Т технологиясымен Сұрақ-жауап | Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Дәрігерлерге [illegible]»** | Дөңгелек үстел | Медбике Топ тәрбиешілері | |
| 6 | **Құндылық:** жасампаздық және жаңашылдық **Құзыреттілік:** шығармашылық | шығармашылық көзқарас пен елестетуге негізделген өнер табысқа қызығушылық таныту; сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу. | **«Әке көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер»,** (ата-ана мен бала арасындағы шығармашылық байланысты дамыту) | Қолөнер көрмесі | Топ тәрбиешілері | |
| | | | **Еңбегі адал жас өрен - «Мен де жасай аламын...»** (тұрмыстық қалдықтардан түрлі бұйымдар жасау) | Қолөнер көрмесі | Әдіскер Психолог Топ тәрбиешілері | |

**Мен қамқор баламын.**
**Мақсаты:** Қамқорлық ұғымын түсіндіру
**Шаттық шеңбер**
Су, күн, ағаш т.б суреттер арқылы балалар бір-біріне тілек айтады.
**Ой қозғау**
Қамқорлық деген сөзді қалай түсінесің?
Сізге үйде, балабақшада кімдер қамқорлық көрсетеді?
Сендер кімдерге қамқорлық жасай аласыңдар?
**Ой дамыту**
**«Жай ғана әжей» әңгіме оқу**
**Автор: В.Осеева.**
-Жолда келе жатқан ұл мен қыз кімді көрді?
-Жол қандай еді?
-Әжейге бірінші болып кім көмектесті?
-Бұл туралы сендер қалай ойлайсыңдар?
**Сергіту сәті «Сәлем берем үлкенге»**
Суретке әңгіме құрау
(ата,әже,әке, шеше т.б)
**Қорытынды**

**№2 Доспен бірлейік.**
Балаларға достық туралы түсіне отырып, қамқорлық, бірлік туралы түсініктері кеңейеді.
**Ой дамыту.**
Достық туралы түсінік беру.
Сұрақ-жауап.
Өзімізге досты қалай табамыз?
Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе серуендеген ұнайма?
Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?
**Сергіту сәті.**
2. Суретпен жұмыс.
-Достар қандай болу керек?
-Достар бір-біріне қалай көмектесіп жатыр?
**Достық ережесін түсіндіру.**
--Жолдастарыңа көмектес.
-Егер қолыңнан бір нәрсе келсе оларға да үйрет.
-Жолдастарыңмен ойын кезінде өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс.

-Егер жолдасын жаман қылық жасаса тоқтатып, дұр( емес екенін айтып түсіндір.
-Жанжалдасудан,сөз таластырудан аулақ бол.
Тату ойна,мақтанып кетпе.
-Жолдасының жетістігіне қуан.

**Тақпақ. «Достармен бірге»**

Достар бірге жүреміз,
Бірге ойнаймыз, күлеміз.
Бірге балық аулаймыз,
Міне,біздер қандаймыз!
Орманға,көлге, шыңға біз,
Саяхатқа шығамыз.
Бөлінбейді іргеміз,
Әрқашанда біргеміз!

**Достық туралы мақал-мәтелдер.**1.Дос- бәрінен де қымбат.
2. Досы жоқ адам-тұзы жоқ тағам.
3.Досы көптің жауы алмас

**Өлең жолдарымен аяқтау.**

Біздің топта ұл – қыздар
Тату – тәтті ойнаймыз
Әлемдегі бар адамғаТек жақсылық ойлаймыз
Ата-ананы тыңдайық
Айтқанынан шықпайық
Ал, достарды қолдайық
Қиын шақта қорғайық

**Балаларды мадақтау.**

**Әдептілік - әдемілік.**

Балалар адамгершілікке, әдептілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу

**Тәрбиеші:** Жапырағы жайқалған орманда аңдар өмір сүріпті. Олар: аю, түлкі, тиін ( бетперделерін кигіземіз). Өздері соншалық шыдамсыз, бір орында отыра алмайды екен.

Жан-жағын шашып, саңырауқұлақтарды құлатып, гүлдерді басып, жұлып тастайды екен (балалар көріністі көрсетеді).

Бір күні орманда қызықты оқиға болыпты. Әдептілік елі не үшін бара жатқан Сыпайылық ханшайымының қолшатыры сынып, орманға қонуға тура келіпті (Ханшайым келеді).

**Ханшайым:** Менің қолшатырыма не болды, мен қайда тап болдым. Мынау әдепсіздер орманы емес пе? Саңырауқұлақтар жұлынған, гүлдер тапталған. Әдепсіз, тентек аңдар тұратын болды ғой. Осылай жалғаса беретін болса, онда ормандағы бүкіл өсімдік: ағаш, саңырауқұлақ, гүлдер құрып кетеді.

**Ханшайым:** (ойланады) Сиқырлы таяғыммен сыпайылық елімен достарымды шақырайын (кетеді).

**Миға шабуыл.** Балалардың көмегі. Не істеді және не деді деп ойлейсіңдер? ..........................

**Сұрақ - жауап. Тәрбиеші:** Балалар ертеде сыпайылық елінде Бақтияр деген бала болыпты. Оның достары көп екен. Бәрінен қоян мен кірпіні жақсы көреді екен. Бір күні Бақтияр далаға шықса, екеуі ренжісіп отыр екен. (Қоян мен Кірпі отырады).

**Бақтияр:** Екеуіңе не болған, ренжісіп қалдыңдар ма?

**Қоян :** Мен кірпімен дос болмаймын. Ол әдепсіз. Мен оған сәлем, достым десем, жауап бермейді.

**Кірпі:**Сол сөзді жүз рет айтасың, сені кеше ғана көрдім ғой.

**Бақтияр:** Кірпі, оның не, қоян досым ауырып қалсын дейсің бе?

**Кірпі:** Жоқ, мен ауырып қалғанын қаламаймын.

**Бақтияр:** Сәлеметсіз бе, деген сөз денің сау ма, ауырып қалма деген сөз емес пе?

**Қоян:**Сен өзің ғой, мені қыли деп мазақтай бересің.

**Кірпі:** Сен өзің менің атымды атамай, эй, сен деп айқайлайсың.

**Бақтияр:** Ой, жайларың белгілі болды достар бір-біріңді сыйлап, құрметтеу керек.

**Қоян:** Кірпі, кешір досым.

**Кірпі:** Сен де мені кешір. Татуласайық қоян досым, екеуміз балаларға тақпақ айтып берейік.

**Тәрбиеші:** Біз де егер ренжіскен жағдай болса, «Татуласу» тақпағын айтып достасамыз.

(Балалар екі-екіден бір-біріне қарап, қолдарын шапалақтай отырып айтады)

**Татуласу.**

Әкел, досым қолыңды
Татуласқан орынды
Өкпелесіп не таптық
Көрсет, кәне соныңды
Баққа бірге кірейік
Қол ұстасып жүрейік
Татулықтың белгісі
Кел, қосылып

**1 – жағдай.**
Жердің беті. Қараса2 бала жасырынбақ ойнап жүрді. Бірі ағаш артына тығылмақ болып жүгіргенде құлап, аяғын жарақаттап алды. Екіншісі оған тұруына көмектесіп, былай деді: Сен жылама, үлкенсің ғой, қазір сенің аяғыңды байлап береміз т.б. жұбату сөздері.
Сұрақ: Мысалы, Арсен дұрыс жасады ма? Сен қалай ойлайсың? Неге? т.б.
Балалар бір-біріне жұбату сөздерін айтады. Мысалы, Дана қолын есікке қыстырып алды, сен қалай жұбатасың, Назерке көйлегін жыртып алды. Қалай жұбатар едің? т.с.с.
**2 – жағдай.**
Әже ауырып жатыр. Ернар теледидардың дауысын қатты шығарып, күліп отыр. Ернардікі дұрыс па?
Неге? т.с.с. сұрақтар қою, жауап алу.
**Керекті құрал:** Орман декорациясы: ағаштардың бұтағы, саңырауқұлақтар, гүлдер, тақырыпқа байланысты салынған суреттер: доп, қоян, тиін, кірпі, аю, түлкі атрибуттары, аңдардың жұмсақ ойыншықтары.

**Наурыз айында жүргізілетін тәрбие жұмысы жоспары.**

| № | Тараулар | Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі | Жұмыс түрі | Өткізу формасы | Жауапты | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы; | | | | |
| 1 | **Құндылық:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**Құзыреттілік:** ұлттық мүддені дамыту | Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері, Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері, мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу; ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері; туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар. | **«Тәрбие басы - тал бесік»** (Бесік туралы түсінік беру) | Ата-аналармен ой бөлісу | Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Қош келдің , Әз Наурыз!»** | Мерекелік шара | Музыка жетекшісі<br>Топ тәрбиешілері | |
| 2 | **Құндылық:** бірлік және ынтымақ<br>**Құзыреттілік:** тиімді коммуникация | отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу; басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;<br>ойы мен сезімдерін білдіре алу; | **«Әже мейірімі»** | Ата-анамен бірлескен жұмыс | | |
| | | | **«Әлем арулары – әлем аналары!»**<br>(аналар қауымының ортақ қасиеті мен өсиеті туралы) | Мерекелік шара | Әдіскер<br>Музыка жетекшісі<br>Топ тәрбиешілері | |
| 3 | **Құндылық:** әділдік және жауапкершілік<br>**Құзыреттілік:** қоғамға қызмет | жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру; уәделерді орындай білу. | **«Жол ережесін білейік, Аман-есен жүрейік»** | Ойын-сауық | Музыка жетекшісі<br>Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Ұлттық мұра»**<br>**Ұлттық құндылық.**<br>Қолөнер бұйымдары жасау. | Көрме жұмысы | Топ тәрбиешілері | |
| 4 | **Құндылық:** заң және тәртіп<br>**Құзыреттілік:** азаматтық борыш және парасаттылық | жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;<br>үлкендерді құрметтей білу;<br>үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. | **«Мен бақшаға барамын!»**<br>(көшеде, аулада, қоғамдық көлікте әдеп сақтауға тәрбиелеу) | Ата-анамен дөңгелек үстел | Топ тәрбиешілері | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | **Құндылық:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік<br>**Құзыреттілік:** инновациялық ойлау | үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау. | **«Шыныққан шымыр боларсың!»**<br>Спорттық ойындар | Топтар арасында жарыс | Топ тәрбиешілері<br>Музыка жетекшісі | |
| | | | **«Берекелі дастархан»**<br>(ұлттық тағамдар туралы) | Ата-анамен дөңгелек үстел | Топ тәрбиешілері | |
| 6 | **Құндылық:** жасампаздық және жаңашылдық<br>**Құзыреттілік:** шығармашылық | шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнер табысқа қызығушылық таныту,сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан білімдер мен дағдыларды қолдана білу | **«Өнерге әркімнің- ақ бар таласы».** | Өнер сайысы | Әдіскер<br>Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Өнер-Өмір-Өнеге»**<br>(Қоқыс қалдықтарынан жасалған әлесыйлар) | Көрме жұмысы | Топ тәрбиешілері<br>Психолог | |

**«Әділ төреші» ойыны**

**Ойын барысы:**

Балалар топтарға бөлінеді, әр топқа бір карточка беріледі.
Карточкада белгілі бір әділетсіз жағдай сипатталады. Мысалы: «Досың сенің ойыныңды бұзып жіберді.
Сенің ренжігеніңді ол түсінбеді. Не істер едің?»
Топтар өздерінің әділ шешімдерін талқылап, ұсынады.
Әр топ өзінің шешімін ортаға салып, талқылайды.
Мұғалім немесе тәрбиеші әр шешімді бағалап, әділдік тұрғысынан талдап береді.
**Ойын нәтижесі:** Балалар әділ шешім қабылдауды үйренеді және әділетсіздікке қарсы тұруға дайындалады.

**Ойын : «Ұлттық мұра»**

**Мақсаты:** Балаларды ұлттық дәстүрлермен және мәдениетпен таныстыру, отансүйгіштікке баулу.
**Қажетті құралдар:** Ұлттық киімдер, тұрмыстық заттар (қолдан жасалған), ән-күй аспаптары.

**Ойын барысы:**

Тәрбиеші балаларға ұлттық киімдердің суреттерін көрсетіп, олардың атауларын түсіндіреді.
Балалар топтарға бөлініп, өздерінің киімдерін сипаттап, оларға тән ерекшеліктерді атап өтеді.
Ойын барысында балалар қазақтың тұрмыстық заттарымен танысып, олардың атауын үйренеді.
Әр бала өз тобының ұлттық мұраларын қорғап, шағын көрме ұйымдастырады.

**Ойынның атауы: «Менің Әкем – Менің Батырым»**

**Мақсаты:**

- Балалар мен әкелердің арасындағы байланысты нығайту.
- Балалардың әкесіне деген сенімін арттыру және әкелердің белсенді рөлін көрсету.
- Әлеуметтік дағдыларды дамыту.

**Жас ерекшелігі:** 4-6 жастағы балалар.

**Қажетті құралдар:**

- Шарлар, жұмсақ жастықтар, үлкен құрылыс блоктары (немесе картоннан жасалған үлкен кубтар).
- Музыка.

**Ойын барысы:**

**Бірінші кезең: Әкемнің күштілігі**

Балалар әкелерімен бірге қатысады. Ортаға үлкен құрылыс блоктары немесе жұмсақ жастықтар қойылады.
Әр әке баласымен бірге «батыр» рөлін ойнап, берілген блоктардан «қамал» жасайды.
Балалар мен әкелер бірлесе отырып қамалды тұрғызады, ал ойынның келесі кезеңінде қамалды қорғайтын тапсырма беріледі.

**Екінші кезең: Кедергілерден өту**

Кедергілер алаңы жасалады. Әкелер балаларды шарлар немесе жұмсақ жастықтар арқылы қауіпсіз түрде кедергілерден өткізеді.
Бұл жерде әкелердің балаларға көмектесу қабілеті, олардың икемділігі және балалармен бірге жұмыс істеуі сынақтан өтеді.
**Үшінші кезең: Командалық жұмыс**
Әкелер мен балалар жұптаса отырып, кедергілерді бірге еңсереді, әрбір кедергіні өткен сайын баланың өзіндік сенімі артып, әкесіне деген сенімі күшейеді.
**Қорытынды: Әкем – Батырым**
Ойын соңында барлық балалар әкелерімен бірге жиналып, әрбір жұп өздері туралы әңгімелеп береді: әкесі неге батыр, бірге қандай қызықтар жасады, қандай тапсырмалар қиын болды және оларды қалай жеңді.
Балалар әкелеріне арнайы алғыс хаттар немесе өз қолдарымен жасалған сыйлықтарын тапсырады.
**Нәтижесі:**
Ойын соңында балалар өз әкелерін жақсырақ танып, оларға сенім артуды, қиындықтарды бірге жеңуді үйренеді. Бұл ойын балалар мен әкелер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға септігін тигізеді.

**Әдептілік еліне саяхат**
Ертеде жапырағы жайқалған орманда аңдар өмір сүріпті. Олар: аю, түлкі, тиін ( беттперделерін кигізу).
Өздері сондай шулдамыз, бір орында отыра алмайды екен.
Жап-жағын шашып, саңырауқұлақтарды құлатып, гүлдерді басып, жұлып тастайды екен.
Бір күні орманда қызықты оқиға болыпты.
Әдептілік еліне ұшып бара жатқан Сыпайылық ханшайымының қолшатыры сынып, орманға ұшып кетеді.
Ханшайым орманға қолшатырын іздеп келеді.
**Ханшайым:** Менің қолшатырыма не болды, мен қайда тап болдым.
Мынау әдепсіздер орманы емес пе? Саңырауқұлақтар жұлынған, гүлдер тапталған.
Әдепсіз, тентек аңдар тұратын болды ғой. Осылай жалғаса беретін болса, онда ормандағы бүкіл өсімдік: ағаш, саңырауқұлақ, гүлдер құрып кетеді.
**Ханшайым:** (ойланады) Сиқырлы таяғыммен сыпайылық елінен достарымды шақырайын деп сиқырлы таяғын айналдырғанда оның достары келеді.
**Миға шабуыл.**
Кәне балалар бізді де әдептілік еліне көмекке шақырса не істер едік?
Әдептілік деген не?

**Дид ойын: «Жақсы-жаман»**
Біз қазір ойын ойнаймыз.
Мен тақпақтар оқимын.
Егер жақсы бала туралы болса, қолмен шапалақ-таймыз. Егер жаман бала туралы болса, аяқпен топылдаймыз.
1.Ерте ұйқыдан тұрасың,
Беті-қолың жуасың,
Айнаға қарайсың,
Шашыңды тарайсың.
2. Анау бала,бетін қара.
Жуынбапты масқара.!
Тырнағы өскен,шашы көптен
Алынбапты масқара!

3. Сен кішкентай баласың,
Айтқан тілді аласың,
Көмектесіп анаңа,
Үйді жинап қоясың,
Мен тісімді күніне екі рет тазалаймын **(Жақсы)**
Мен тәттіні көп жеймін **(Жаман)**
Мен тамақ ішер алдында қолымды жуамын **(Жақсы)**
Мен шашымды тарамаймын **(Жаман)**

**Сен қалай ойлайсың?**

**Ой қозғау.**

**1 – жағдай.**

Екі бала жасырынбақ ойнап жүрді. Бірі ағаш артына тығылмақ болып жүгіргенде құлап, аяғын жарақаттап алды.
Екіншісі оған тұруына көмектесіп, былай деді: Сен жылама, үлкенсің ғой, қазір сенің аяғыңды байлап береміз т.б. жұбату сөздері.
Сұрақ: Мысалы, Арсен дұрыс жасады ма? Сен қалай ойлайсың? Неге? т.б.
Балалар бір-біріне жұбату сөздерін айтады. Мысалы, Дана қолын есікке қыстырып алды, сен қалай жұбатасың,
Назерке көйлегін жыртып алды. Қалай жұбатар едің? т.с.с.

**2 – жағдай.**

Әже ауырып жатыр.
Ернар теледидардың дауысын қатты шығарып, күліп отыр. Ернардікі дұрыс па?

**Сәуір айында жүргізілетін тәрбие жұмысы жоспары.**

| **Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы; | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **№** | **Тарaулар** | **Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі** | **Жұмыс түрі** | **Өткізу формасы** | **Жауапты** | **Күні** |
| 1 | **Құндылық:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**Құзыреттілік:** ұлттық мүдделі дамыту | Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;<br>мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;<br>ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері; туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар. | **«Табиғатты таза ұстау – адамзаттың борышы»** сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру | Ата-аналармен бірлескен сенбілік жұмыстар | Топ тәрбиешілері Әдіскер | |
| | | | **«Ою-өрнек әлемі»** (ұлттық киімдер мен бұйымдар туралы түсінік беру) | Тамаша-тәрбиелік шара | Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі | |
| 2 | **Құндылық:** бірлік және ынтымақ<br>**Құзыреттілік:** тиімді коммуникация | отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу; басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;<br>ойы мен сезімдерін білдіре алу; | **Әженің ертегілері**<br>Бірлік пен ынтымақ туралы ертегілер оқу. | Серуен уақытында | Топ тәрбиешілері | |
| | | | «Адасқан құмырсқа» (ертегі арқылы қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу) | АКТ технологиясы. Топтық жұмыс | Топ тәрбиешілері. | |
| 3 | **Құндылық:** әділдік және жауапкершілік<br>**Құзыреттілік:** қоғамға қызмет | жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;<br>үлкендерді орындай білу. | **«Тіс және оның күтімі»** | Ата-аналарға кеңес беру | Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Бау бақшаны баптаймыз»** (ата-анамен бірлескен жұмыс) | Таза апталығы | Топ тәрбиешілері. | |
| 4 | **Құндылық:** заң және тәртіп<br>**Құзыреттілік:** азаматтық борыш және | жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;<br>үлкендерді құрметтей білу, | **«Ата-ана мектебі»** (ата-аналардың міндеттері туралы) | Ата-аналарға кеңес беру | Топ тәрбиешілері | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | парасаттылық | үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. | **«Әрбір бала құқылы»** | Ата-аналарға кеңес беру | Топ тәрбиешілері | |
| 5 | **Құндылық:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік **Құзыреттілік:** инновациялық ойлау | үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау. | **«Жасыл ел»** акциясы (көгалдандыру, абаттандыру) | Ата-аналармен бірлескен жұмыс | | |
| | | | **«Құстар келді, әлеме!»** (құстарға қамқорлық көрсету) | Ұйымдастырылған еңбек | Топ тәрбиешілері | |
| 6 | **Құндылық:** жасампаздық және жаңашылдық **Құзыреттілік:** шығармашылық | шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнер табысқа қызығушылық таныту; сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан білімдер мен дағдыларды қолдана білу. | **Еңбегі адал жас өрен: «Аспан әлемі»** (Балалар шығармашылығы) | Сурет көрмесі | Топ тәрбиешілері Ата-аналар | |
| | | | **«Smart bala» жобасы "Жаңа идеялар әлемі"** «Өнерліміз, өрендіміз» Қағазды, картонды және түрлі материалдарды қолдана отырып, кішкентай жобаларды жасау (мысалы, қолөнер бұйымдары) | тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында | Топ тәрбиешілері | |

**Мамыр айында жүргізілетін тәрбие жұмысы жоспары.**

| **Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы. | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **№** | **Тараулар** | **Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісі** | **Жұмыс түрі** | **Өткізу формасы** | **Жауапты** | **Күні** |
| 1 | **Құндылық:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**Құзыреттілік:** ұлттық мүддені дамыту | Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері,<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;<br>мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;<br>ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері; туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар. | **«Бөбегіміз бейбіт елдің!»**<br>Бірлік. Татулық. Достық. | Мерекелік шара | Топ тәрбиешілері<br>Әдіскер | |
| | | | **«Бейбіт күн сыйлаған батырлар».**<br>( ардагерлермен кездесу) | Мерекелік шара | Топ тәрбиешілері<br>Музыка жетекшісі | |
| 2 | **Құндылық:** бірлік және ынтымақ<br>**Құзыреттілік:** тиімді коммуникация | отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу; басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;<br>ойы мен сезімдерін білдіре алу; | **«Бір шаңырақ астында!»**<br>(ұлтаралық татулықты насихаттау) | Ата-анамен дөңгелек үстел | Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Әжемнің ертегілері»**<br>(қазақ ертегісі кейіпкерлерінің жақсы қасиеттерін насихаттау) | Күннің екінші жартысында | Топ тәрбиешілері | |
| 3 | **Құндылық:** адалдық және жауапкершілік<br>**Құзыреттілік:** қоғамға қызмет | жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;<br>уәделерді орындай білу. | **«Алақай, жаз келді!»**<br>Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру. | Ата –аналар жиналысы , пікір алмасу. | Топ тәрбиешілері | |
| | | | **«Тәні саудың—жаны сау».** | Топтық жұмыс | Топ тәрбиешілері | |
| 4 | **Құндылық:** заң және тәртіп<br>**Құзыреттілік:** азаматтық борыш және парасаттылық | жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктерінің болуы;<br>үлкендерді құрметтей білу;<br>үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. | **«Бабалар сөзі—даналық көзі»** | Ата-аналар жиналысы | Топ тәрбиешілері<br>Психолог | |
| | | | **«Заңды білсең, балдырған Ақиқат шығар алдыңнан»**<br>(көшеде, топтағы тәртіп, қарым-қатынас дағды туралы түсіндіру) | Тәрбиелік шара | Музыка жетекшісі<br>Топ тәрбиешілері | |
| 5 | **Құндылық:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік | үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу, үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау | **«Жайлауда»**<br>(төрт түлік малды күтіп баптау туралы түсінік беру) | Танымдық тәрбиелік шара | Топ тәрбиешілері | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Құзыреттілік:** инновациялық ойлау | дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;<br>жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау. | **«Таза көше, Таза ауыл. Таза қала»**<br>(Көше тазалығын сақтауға үйрету) | Серуенде ұйымдастырылған еңбек | Топ тәрбиешілері | |
| 6 | **Құндылық:** жасампаздық және жаңашылдық<br>**Құзыреттілік:** шығармашылық | шығармашылық қиял мен елестетуге негізделген өнер табысқа қызығушылық таныту;сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан білімдер мен дағдыларды қолдана білу. | **«Әрқашан күн сөнбесін!»** | Ашық алаңда сурет салу | Топ тәрбиешілері<br>Ата-аналар | |
| | | | **«Smart bala» жобасы**<br>**«Біз кішкентай құрылысшымыз»**<br>(бала шығармашылығын дамытуда бөлшектерден құрастырылған нысандар көрмесі) | Көрме жұмысы | Топ тәрбиешілері | |

Тігілген, нөмірленген 35 бет

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі ____________ З.Б. Нугманова